

Б.Қоқымбаева¹, Ғ.Теміртон²

¹Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан;

²Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, Алматы, Қазақстан
(E-mail: baglan54@mail.ru)

Аналық және ерлік адамзат болмысының кілттік константалары ретінде: логикалық реконструкциялық тәжірибе

Мақалада әйел және ер адамның табиғаты мен болмысының бастамасын адамзат болмысындағы басты тұрақты шама ретінде қарайтын авторлық көзқарас ұсынылған. Екі, дәлірек айтқанда, аналық және ақсақалдық, мәдени-тарихи дәуірлерге ірі көлемде компаративті талдау жүргізілді. Қағида аналық дәуірдің тағдыршешті балалығынан өтіп, ақсақалдық дәуірдің тамаша жастығы арқылы адамзат өткен мәдени-тарихи дәуірлердің рухани тәжірибесін жинақтаған жаңа ақсақалдық дәуірден кейінгі, немесе неоналық, деңгейге көшкендігіне негізделеді. Сонымен қатар мақалада неоматриархат ретінде белгіленген болашаққа бастар жолды анықтау міндеті қалыптастырылып, аталған дәуірлерге өту үрдісі адамның жер бетіндегі өмір жолын зерделеу мен қазіргі заманғы шындықты іздеуге бара-бар өз болмысын іздеу арқылы көрініс табады. Сондай-ақ бүгінгі бифуркациялық (тұрақсыздық) жағдайға жеткен қазіргі заманның қиындықтары мен бір мағынасыздықтығы көрсетіліп түсіндірілген.

Кілт сөздер: матриархат, патриархат, неоматриархат, матрилокалдық мәдени түрі, патрилокалды дәуір.

Kipicne

Адамзат тұтастық ретінде үйлесімділік ғарыштың бөлшегі, күрделі ғарыштық үдерістің қажетті және заңды жасаушысы болып табылады. Қазіргі кезеңде ол матриархат дәуірінен бастап, патриархаттан да өте келе, өзіндік эволюциялық кемелденген кезеңіне шықты. Дәл қазір адамзат өткенге қорытынды жасап, болашақ көрінісінің мәнін ой елегінен өткізіп түсінетін кезеңге жеткендей. Сондықтан қазіргі дәуір болмыстың ақиқаттылығын қажет етеді: адам жер бетіндегі тарихи жолын игере және ұғына отыра, өзінің өмірінің мәнін, тұлғалық болмысын (экзистенциясын) іздейді. Яғни, қазіргі таңда заманауи болмыстың күрделілігі мен мағыналы еместігі белгісіздік туындыратынына (бифуркация нүктесіне) жетті деуге болады.

Жұмыстың тақырыптың өзектілігі қазіргі заман қоғамының басты мәселелерімен байланысты және олардың бірі – сол қоғамның дамуындағы ерлер мен әйелдердің өз-ара қатынасын, болмысын зерттеу және оларды тұтас тарихи-мәдени процестердің даму жолдары контекстінде қарастыру және зерделеу. Бұл мәселенің пайда болуына бірқатар мән-жайлар да себеп: біріншіден, осы күрделі мәселе тақырыптық тұрғыда ғылыми-философиялық көзқарастан пайымдалған емес. Әсіресе ерліктің белгілері патриархат дәуіріне тиісінші шын мәнінде анықталмағандығы және зерттелмегендігі. Екіншіден, теориялық тұрғыдан болсын, күнделікті тәжірибеден болсын, қоғамның (алдыңғы уақыттағы және бүгінгі күнгі десек те болады) әйел болмысын анықтауға көп зейін қойылмағандығы және, үшіншіден, аталған адамзат константаларының жалпы философия және әлеуметтік-гуманитарлық таным жанынан мәселе ретінде көп қарастырылмай жүргені.

Ғылыми жұмыстың негізгі міндеттері мен идеясы бір-бірімен байланысты және осылайша тұжырымдалады: жалпы матриархат және әйелдік бастамасының (женское начало) және болмысының табиғатын түсінудегі тәсілдердің негізін сараптау; матриархат және әйелдік бастамасының антропогенді өркениеттің мәдени-генетикалық негіздері ретінде философиялық-мәдениеттанулық көзқарас аясында талдау.

Әдіснамалық тәсілдері

Ғылыми жұмыс барысында мәдени-тарихи, әлеуметтік-саяси көзқарастарды пайдалана отыра, кешенді түрде талдау әдіснамалық зерттеу әдістерін қолданғандығын айта кету жөн. Атап айтқанда, философиялық-мәдениеттанулық талдау әдістемесі өркениеттік және өңірлік қырынан – қазақ философиясы, тілі және этникалық ділдік мәнмәтінде қолданылды және адамзат болмысына тұтас қарау көзқарас зерттеу тәсілдерінің орын алғанын да айтып кету жөн.

Сонымен қатар адам мен қоғам үйлесімінің әртүрлі әдістерін зерттейтін гносеологиялық қағидасына негізделген тәсіл арқасында адам болмысының және оның эволюциялық даму жолдарын анықтайтын компаративистік зерттеу тәсілі де қолданылды.

Қолданылған әдебиеттер жөнінде

Ғылыми жұмыста адамзат, қоғам даму жолдарын зерттеген неміс ғалымы Гегельден [1] бастап, швейцариялық ғалым И. Бахофеннің [2] адамзат тарихының, оның қоғамдық эволюциясының теориялық негіздемесін анықтайтын ғылыми еңбектеріне сүйене отыра, адамзат болмысындағы басты тұрақты шама ретінде қарайтын авторлық көзқарас жазылды. Сонымен қатар әлемдік елдердің аңыздары [3], отандық және шетелдік ғалымдарының аталмыш тақырыпты ширатудағы, яғни, жанұя, аналық, туыстық және басқа да адамзат өткен мәдени-тарихи дәуірлердің рухани тәжірибесін анықтауға ықпал берген ғылыми жұмыстарда [4–9] кеңінен қолданылды.

Негізгі бөлім

Дәуірлердің болмысының өзгеруі көптеген құбылысқа толы болады және ол адам тұлғалық болмысына да байланысты. Сонымен қатар әлем кезеңдер алмасуы қарсаңында екенінен сансыз көп факторлар дабыл беруде. Тіпті ауаның өзі көрінбейтін, бірақ анық сезілетін қандай да бір вибрациялардан (дірілдерден) тұратын тәрізді. Тағы да бір айтарлықтай ерекшелік – ол осы вибрациялық тоқтардың адамзат болмысының негіздеріне тие отыра, адамзат тарихының өзара имманентті-мазмұндық байланысындағы ең жоғарғы ой бірлігін көрсететін жинақы ортақ кеңістікті (континуум) құруы десек те болады. Осы мағынада әйелдік пен еркектік адамзат болмысының ілкі константасы ретінде жалпыға бірдей, ортақ болып табылатын мән мен тіршілігінің әмбебап бірлігі. Гегельдің сөзімен айтқанда, «тіршілік мәнінің айырмашылықтары дербес нысанын қабылдайды» (Энциклопедия философских наук. 1974. Т. 1) [1].

Адамзат тарихының басталуы мен дамуы жөнінде. Жалпы адамзат өркениеті тарихында бұл тағдыршешті бастамалары – «патриархат» («еркектік») және «матриархат» («әйелдік») анықтамасында (ұғымдарына) тіркелген. Адамзат тарихының матриархат кезеңінен, мәдениеттің матрилокальды түрінен басталуы мәселесін швейцар (неміс) ғалымы И. Бахофен зерттегендігі мәлім: «Адамзат болмысының дамуының ең алғашқы сатысынан бастап өмірдің жалғыз жарқын сәті, бақытсыздықтың тұңғық тереңінен суырып алатын бірден бір сәт – ол әйелдің жаратылу табиғатына, денесіне сай өзінің ұрпағына деген аналық махаббаты <...> адамзаттың қаншалықты зорлық-зомбылыққа толған өмірдің ортасында болса да жақсылыққа дамуының алғашқы қадамына, адам өмірінің жарқын күндерінің қалыптасуына, жалпы өркениетке жетуіне, ол, әрине, сүйіспеншілікке, бірлік пен бейбітшілік қағидаларына толы ананың адамзат тегін жалғастыратын аналық қабілетіне байланысты. Өйткені өз құрсағынан шыққан ұрығын, өз баласын мәпелеп өсіргенде, әйел еркектен бұрын өзінің махаббаты мен қамқоршылығы жеке өзінің «Мен» дегізгерлігінің шегінен шыға алатынын және өзге жаратылысқа таралып, өз рухының қай шамаға дейін қабілеті келетін шығармашылығы осы жаратылыстың болмысын сақтауға және әдемі етуге бағыттала алатынын сезінген» (Материнское право классики мирового религиоведения. 1861) [2].

Сөйтіп, адамзат тарихының бұл кезеңіндегі әйелдік бастаудың мәні макрокосмостың көрінбейтін о дүниеден көрінетін бұ дүниеге өтуін (экелуін) жүзеге асыра отырып, Ананың өмірдің бастауында тұра алатындығымен анықталады. Бұл ерекше оқиға, яғни адамзаттың мәдени тарихының бастауы матриархат кезеңінен басталатыны туралы деректер көптеген артефактілерден көрініс тапқан. Бұл жерде, ең алдымен, «өзінің жылуымен әлемдік жұмыртқаны жылытқан» Құс Ана туралы тотемдік түсінікті келтіруге әбден болады (Мифы народов мира. 1992) [3].

Матриархат адамзат рухани эволюциясының бірінші саты ретінде. Қасиетті Құс бейнесімен қатар әйел-ана культі палеолит «Венераларынан» мүсіндерінде де қалыптасқан. «Венералар» – палеолит кезеңіндегі әйелдің бала тууға қабілеттілігін көрсету арқылы Ана культінің асқанының белгісі ретіндегі скульптуралық мүсіндер еді. Біздің ойымызша, бұл сәтсіз қойылған атау, өйткені әйел денесінің сұлулық культі ретіндегі «Венералар» – басқа, дәлірек айтқанда, антика заманындағы тарихи-мәдени жағдайдағы құбылыс.

Адамзат тарихындағы Ана бастауы (негізі) жер бетіндегі барлық халықтардың алғашқы музыкалық жанры – бесік жырларынан да көрініс табады. Бесік жырын әлемдік мәдениеттің әмбебап жанры ретінде сипаттауға болады. Өйткені ана бесік жырын қай тілде айтса да, ол, басқа жанрларға қарағанда түсінікті, әрі оны тану қиындық тудырмайды. Бұл бесік жырының әуендік (музыкалық)

тілінің – махаббатқа, еркелетуге, сезім мен қамқорлыққа толы дауыс ырғағының ерекшелігімен сезініледі. Сондықтан да бесік жыры – адамзат тарихындағы махаббат сезіміне арналған алғашқы лирикалық әнұран. Атап айтсақ, ананың балаға деген махаббат сезімін жырлаған саз сыры. Осы себептен де болар, әлемдік мәдениетте музыканың тілі ешқандай аударуды (тәржімалауды) қажет етпейді және ол барлық адамдарға түсінікті (Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. 1993) [4].

Сондықтан болар, әйел адамның мәртебесі, оның салдары ретінде матриархат ұғымының тарихи мәні асқақ. Өйткені бұл – жалпыадамзаттық өркениеттің қалыптасуының бастауы.

Біздің ата-бабаларымыз өте қиын әрі мекені табиғи орта болып табылатын бірегей жағдайда ғұмыр кешкені барымызға мәлім. Ежелгі адам табиғаттың көптеген қатаңдығынан өтті, жабайы жануарлар мен түсініксіз өсімдіктер әлемі арасында өмір сүрді. Дегенмен, осындай тәлкек пен айырылуларды бастан өткере отырып, адам бәріне шыдай алды.

Мұндай қиын жағдайда тек қана тірі қалып қоймай, ежелгі адам өзінің саналы ғұмырының алғашқы қадамынан бастап табиғат пен ру-тайпасымен және өз-өзімен үйлесімді өмір сүруге тырысты. Бұл кезеңнен бастап рухани-тәжірибелік болмыстың аясында қалыптасатын жалпыадамзаттық константалар – тіл мен этикалық ұстаным, аңыз бен дін, өнер мен философия, ғылым және т.б. қалыптасады (Аязбекова С. 1999) [5]. Басқаша айтқанда, адамзаттың келешекте ойдағыдай дамуы үшін негіз бастамалары пайда болған. Ал енді адамзат даму жолын матриархат саласынан қарастырсақ, бұл феномен осы кезеңнің маңызды да, мағыналы ерекшелігі. Оның мәні – осы кезде болмыстың және оған тиісті мойындаудың дискурсының басты сұрақтарына жол ашу. Бұл контекстте антропо-социо-культурогенезі рухани эволюцияның тағдыршешті кезеңі деуге болады, яғни, адамзат әрі қарай тарихи-мәдени дамуына ие болып табылады.

Патриархат адамзат рухани эволюциясының бірінші саты ретінде. Келесі кезеңнің, дәлірек айтқанда, патриархат кезеңінің типологиялық ерекшелігі мен өзгешелігі шынайы онтологиялық тұрғыдан қарағанда «өзіндік алқымды даму туғызатын тұрақты қайшылық арқылы анықталатын дәуір», — деп келтіреді қазақстандық философ А. Хамидов «Категории и культура» атты кітабында (1992) [6]. Бұл кезеңнің қалыптасуы мен дамуының басты ерекшелігінің негіздемесі ол – әлемнің (*Бұл жерде: адамзаттың.* – Авт.) бұған дейін болмаған жаңа жағдайларға жетуі болып табылады. Ол материалдық өркениет жолында жетістіктерге жетуі. Мұндай дүниеге көзқарастың мақсатында қала, экономикалық фактор, экономиканың дамуы алады. Сондықтан жетістіктердің нәтижесі қалалардың пайда болуы мен дамуы, яғни адами қоғамының қалалануы (урбанизация) берекелі-материалдықпен негізделуі кездейсоқ емес. Олай болса, осы дәуірдің заңдылықтарының объективтік бейнелеуі марксизмнің тарихи материализмнің казуалдық экономикасы арқылы экспликациясы тән деп табылды. Сондықтан да болар, тарихи материализм қоғамдық ойда әмбебап әдіснама ретінде қабылданды. Ал құлиеленушілік формацияны қарастырсақ, алғашқы тұрмыстық қоғаммен салыстырғанда дамудың жоғарғы сатысы ретінде барлық адамзат мәдениеті тарихына кеңінен таралды. Осыдан келе, қазіргі күнге дейін қолданылып келе жатқан парадоксалдық түсінік: мәдени-рухани құбылыстың, рухани дамудың құлшылықпен байланыстырылуы ...

Енді талдауды әрі қарай жалғастырсақ, кейінгі кезең бойында ерлердің қолтаңбасы айқын сезіледі және де, мамандардың түсіндіруінде, ол – қарсы тұру, жауласқан екі жақтың қарсыласуы, соғыс тарихы, жеңіс пен жеңіліс, халықтар мен мемлекеттер арасындағы тайталас ретінде көрініс тапты. Тіпті бұл әлі де толық айтылмады-ау: тек ұлы еркектік бастау ғана адамды жоғары тұғырға көтеріп, оны жаратылыстың ең жоғары дәрежесі деп жариялауға қауқарлығы. Содан-соң, күшке толы ерлер культы, олардың логикалық ақыл-ой-қисын бастауы әлемдік мәдениетте, тарихта көптеген (әртүрлі) рухани-діни жүйелер, ағымдар аланында қанды идеологиялық қақтығыстармен де көрініс алуы. Мұнда да күрес, жеңіс және мәдени прогресс деп талқыланатын «әлемдік» экспансия, әрине, кезекті рухани кезең, жетістіктер... Ақын сөзімен айтқанда, «мәңгілік күрес» рухы ғылымның болмысын да жаулады: көп жағдайда ғылыми жаңалықтар оның авторына өмір бойы қайғы әкеледі және ол әлеумет тарапынан психологиялық қысымды бастан кешіреді. Тек автор өмірден өткеннен кейін ғана оған құрмет көрсетіледі. Сондықтан да болар, бұл жағдай үлкен қайғы мен «жоғары» трагедияға толы өнер мен философия тарихында жиі кездесіп жатады.

Аталмыш кезеңнің барлық әлеуметтік мәдени өрісі – адамзат баласының өмір мектебінен, матриархат кезеңіне қарағанда, қатаңдық танытып, барлық күш-жігер күрес пен екі жақтың қарсыласуынан тұратын еркектік бастауға тиеселі. Бұл ағым жаңа еуропалық философияда, яғни сыни рефлексияда, дәлірек айтқанда, Гегель терістеу қағидасы деп аталған философиядан логикалық

жалғасын табады. Және де бұл сыни рефлексия (күмән, күдік) еркектік бастауының көрінісі ретінде терістеу ишараты сияқты бүлдіргіш күш (деструктивтік) мағынасында емес, керісінше, П.П. Гайденоның көзқарасымен келісе отыра, әлемдік тарихтың заңды кезеңі және оңтайлы әдіснамасы ретінде қарау керектігін арнайы атап өткеніміз қажет. Яғни, бұл көзқарас арқылы адамзаттың қозғалыс бағытындағы (жолындағы), қазақша айтқанда, аталмыш кезеңнің «жол торабының» шынайы да айқын «қиылысын» анықтай отыра, өзінің орнын алатын және бұрын сынға ұшыраған барлық құбылыстарға жауап табатын «іргетасын» анықтау және осы «кері жолда» заманауи қоғам ақиқаттығын мойындай бастаған «ескіліктің қалдықтары» ақтала түседі (Прорыв к трансцендентному: Новая онтология XX века. 1997) [7]. Сондықтан бұл жерде дәл осы шынайылық болашақты құруға көмек болатын адамзаттың дәл іздегені десек те болады.

Біздің пайымдауымызша, патриархат дәуірінің тағы да бір ерекшелігі — дүниеге көзқарастың бағдарларына, атап айтқанда, антропоорталықтыққа байланыстығы. Мұндай дүниеге көзқарастың терең мағынасын қазақстандық философтар «Трансформация системы образования: взгляд философов» атты кітапта (Абишев К.А., Дунаев В.Ю., Закаева З.А. т.б. 2000), [8] «қарапайым дене күші мен ептіліктен бастап түрлі артықшылықтарға ие қасиеттер мен құралдар сияқты түрлі нұсқадағы күш категориясы арқылы жеткізеді. Егер жеке адам логикалық пайымдауды дамыту, қабілет пен білім, байлық, атак, билік және тағы басқа болса, ол осы күштің кейбір түрлері ғана. Ал бұған қарама-қарсы, әрине, әлсіздіктің түрлі нұсқалары мен түрлері болып табылады. Екінші кезекте, тіпті кейде осындай құндылықтар жүйесінде жеке адам үшін жағымды қасиеттер – мейірімділік, әдептілік, мейірбандылық және тағы басқа дамиды. Олар әлсіздік категориясына жатады», — дейді.

Патрилокальдық дәуірінің тағы да бір ерекшелігі — ол дене кемеліне жету сатысынан, дене (тән) культінен басталады. Пластика жағынан әсем, мүсіні келісті дене-болмыстың мәнін ұғуда үлгі және оның өлшемі болды.

Қоршаған әлемді тану және қабылдау құралы ретінде физикалық денені жетілдіру қағидасы ежелгі гректер және олардың мирасқорлары римдіктер тарапынан толық орындалды. Келесі – бесінші — сатысында еуропалықтар ақыл-ой қағидасын жоғары дамытты (Жиһан Желтоқсан. 2014) [9]. Осы уақытта Ақыл — Логика сатысы өзіндік даму жолының биік шыңына жетті деуге болады: біріншіден, адам ақыл-ойдың мүмкіндігі шектеулі екенін түсінді; екіншіден, болмыстың жанды сұрағына жауап іздеуде енді жүрекке жүгінетінін аңғарды; үшіншіден – енді тек парасатты мағынаға ғана жүгінбей, ақыл-ой мен жүректің бірлесуін (одақтасуын) абзал (дұрыс деп) екендігін түсінді.

Түйін

Сонымен, патрилокальдық кезеңнің ең жоғарғы жетістігі – философиялық рефлекстеу арқылы адамзат жаңа мәдени-тарихи сатыны қалыптастырды. Рухани-тәжірибелік тұрғыда осы миссияны тікелей жүзеге асыратын болмыстың континуумдығын қамтамасыз ететін жалғастырушылық, динамикалық тұтастық болашақтың ажырамас бөлігін матрилокальды саты құрайтындығынан көрінеді. Сәйкесінше, матриархат пен патриархаттың рухани тәжірибесінің бірлігі (синтез) ғана келесі жоғары саты – постпатриархатты, басқаша айтқанда, неоматриархаттың қалыптасуының және дамуының алғышарты бола алады деуге негізі бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гегель Г.Ф. Энциклопедия философских наук / Г.Ф. Гегель. — Т. 1. Наука логики. — М.: Мысль, 1974. — 452 с.
- 2 Бахофен И. Материнское право. Классики мирового религиоведения / Пер. Е. Рязановой по изданию: Bachofen I. Das Mutterrecht. Stuttgart, 1861. — [Электронный ресурс] / И. Бахофен. — Режим доступа: http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Relig/klass/04.php (дата обращения 10.06.2017).
- 3 Мифы народов мира: энциклопедия. — М.: Сов. энцикл., 1992. — 719 с.
- 4 Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. — Алматы: Ғылым, 1993. — 264 с.
- 5 Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса: Коркут-ата и философия музыки казахов / С.Ш. Аязбекова. — Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 1999. — 285 с.
- 6 Хамидов А.А. Категории и культура / А.А. Хамидов. — Алма-Ата: Ғылым, 1992. — 240 с.
- 7 Гайдено П.П. Прорыв к трансцендентному: новая онтология XX века / П.П. Гайдено. — М.: Республика, 1997. — 495 с.
- 8 Абишев К.А. Трансформация системы образования: взгляд философов / К.А. Абишев, В.Ю. Дунаев, З.А. Закаева, А.З. Камалиденова, В.Д. Курганская, У.Д. Муналбаева, Г.Г. Соловьева, А.А. Хамидов. — Алматы: Арыс, 2000. — 250 с.
- 9 Жиһан Желтоқсан. Ақ Сарбаз. — Алматы, 2014. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://xn--80aaa1brkt0a3m.xn--80ao21a/catalog/140616/htm> (дата обращения 15.10.2017).

Б.Кокумбаева, Ғ.Темиртон

Женское и мужское как ключевые константы человеческого бытия: опыт логической реконструкции

В статье природа и сущность женского и мужского начал как ключевых констант человеческого бытия представлена через призму авторского видения вопроса. В этом смысле проводится компаративный анализ двух форм социальной организации, иначе говоря, двух культурно-исторических эпох в крупном масштабе, а именно матриархата и патриархата. Обосновывается положение о том, пройдя от судьбоносного детства матриархата и через прекрасную молодость патриархата, человечество вступило в новую ступень — в постпатриархат, или неоматриархат, призванную синтезировать духовный опыт предыдущих культурно-исторических эпох. Формулируется задача определения пути в будущее, обозначенное как неоматриархат. Процессы перехода данных эпох показаны через осмысливание человеком земного пути и поиск своей экзистенции, что является своего рода поиском истины в современную эпоху. Показана и объяснена также сложность и неоднозначность современной эпохи, пребывающей ныне в точке бифуркации.

Ключевые слова: матриархат, патриархат, неоматриархат, матрилокальный тип культуры, патрилокальная эпоха.

B. Kokumbaeva, G. Temirton

Female and Male as key constants of human existence: the experience of logical reconstruction

The author's vision onto nature and essence of the Female's and Male's begins as a key constants of people's being, is shown in article. A comparative analysis of the two cultural eras on a large scale, namely, matriarchy and patriarchy, is carrying out. It substantiates the position that the passing from the fateful childhood through the beautiful youth, humanity has entered a new stage, namely post-patriarchy or neomatriarchy, that synthesizes the spiritual experience of the previous cultural and historical eras. The problem of determining the path to the future formulates as neo matriarchy. Processes of transition of these eras are shown through comprehension by the person of a terrestrial way and search of the existence that is some kind of search of the truth in present period. Also complexity and ambiguity are shown and explained of the modern era staying nowadays in a bifurcation

Keywords: matriarchy, patriarchy, neomatriarhat, matriloal type of culture, the patriloal era.

References

- 1 Hegel, G.Ph. (1974). Entsiklopediia filosofskikh nauk [The Encyclopaedia of the Philosophical Sciences]. Nauka lohiki. (Vol. 1). Moscow: Mysl [in Russian].
- 2 Bachofen, J. (1861). Materinskoe pravo. Klassiki mirovoho relihiovedeniia [Maternal right. Classics of world religious studies]. (E.V. Ryazanova pub.: Bachofen I. Das Mutterrecht. Stuttgart, Trans.). *gumer.info*. Retrived from www.gumer.info/bogoslov_Buks/Relig/klass/04.php [in Russian].
- 3 Mify narodov mira [Myths of the Peoples of the World]. Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 4 Kochevnik. Estetika: Poznanie mira traditsionnym kazahskim iskusstvom [Nomads. Aesthetics: Learning the World by traditional Kazakh art]. Almaty: Hylym [in Kazakhstan].
- 5 Ayazbekova, S.Sh. (1999). Kartina mira etnosa: Korkut-ata i filosofiia muzyki kazakhov [Picture of the world of ethnos: Korkut-ata and the philosophy of Kazakh music]. Almaty: Institut filosofii i politolohii MON R [in Kazakhstan].
- 6 Hamidov, A.A. Katehorii i kultura [The cathegory of culture]. Alma-Ata: Hylym [in Kazakhstan].
- 7 Gaidenko, P.P. (1997). Proryv k transtendentnomu: novaia ontolohiia XX veka [Breakthrough to the transcendent: the New ontology of the XX century]. Moscow: Respublika [in Russian].
- 8 Abishev, K.A., Dunaev, V.Yu., Zakaeva, Z.A., Kamalidenova, A.Z., Kurganskaya, V.D., Munalbaeva, U.D., Solov'eva, G.G., & Hamidov, A.A. (2000). Transformatsiia sistemy obrazovaniia: vzhliad filosofov. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 9 Zhihan Zheltoksan. Ak Sarbaz [Zhihan Zheltoksan. White warrior]. *xn--80aaa1brkt0a3m.xn*. Retrived from <http://xn--80aaa1brkt0a3m.xn--80ao21a/catalog/140616/140616-001.htm> [in Kazakh].